

# Ж. ӨМІРБЕКТІ еске алу кеші өтті

**«ҚР мәдениет қайраткері», «Арқалық қаласының құрметті азаматы», белгілі сазгер ӨМІРБЕКОВ Жұмағали Сүлейменұлының өмірден озғанына 1 жыл толуы қарсаңында «Әніңді сенің, сағынды елің, жан – аға!» атты еске алу шарасы ұйымдастырылды.**

Бар ғұмырын өңіріміздің өнер саласына арнаған біртуар азамат, «ҚР мәдениет қайраткері», «Арқалық қаласының құрметті азаматы», белгілі сазгер, Өмірбеков Жұмағали Сүлейменұлын еске алу шарасы марқұмның ; «Тұғырлы тұлға», « Неткен сүйіктіең» аталатын естелік кітаптарының тұсаукесер рәсімімен бастау алды. Арқалық қаласының әкімі Әмірхан АСАНОВ, ағамыздың замандас – достары, елге белгілі тұлғалар Қойшығара САЛҒАРИН, Жарылқасын МЫРЗАЛИЕВ, Ғалым БАЙНАЗАРОВ сынды азаматтар Жұмағали Сүйлейменұлының сан қырлы өнерін, адами қасиеттерін, өңіріміздің өнер саласына қосқан өлшеусіз үлесін тілге тиек етіп, естеліктерімен бөлісті.

Қос кітап жайлы шараны жүргізген Батырлан САҒЫНТАЕВ : «Жұмағали Сүлейменұлына арналған алғашқы кітап ; «Тұғырлы тұлға» деп аталады. Алматының «Арда» баспасынан шыққан ардақты тұлғамызға арналған бұл жинақта Жұмағали ағамыздың ғибратты ғұмырын, өнегелі өмірін баян етеді. Кітап; «Өмір белестері», «Торғайдың тума таланты», «Жақсы өтті жаны жайсаң» атты үш бөлімнен тұрады. Жинақтың алғашқы бөлімінде Жұмағали ағамыздың өз қаламынан туындаған мақала-жазбалар берілсе, екінші бөлімде Жұмағали Сүлейменұлына арнап жазылған мақалалар мен өлең-жырлар қамтылған. Ал, үшінші бөлімінде ағамыз өмірден өткеннен кейін жазылған естеліктер енгізілген. Кітаптың алғы сөзін жазған Қазақстан жазушылар одағының мүшесі, әдебиет сыншысы Жұма-назар Сомжүрек. Жұмағали ағамызға арнап шығарылған екінші кітап «Неткен сүйіктіең» деп аталады. Мұнда композитор ретінде де танылған Жұмағали Сүлейменұлының 20-дан аса әні, 3 күйі енгізілген. Сонымен қатар Жұмағали ағамызға арналған әндер мен күйлер, осынау өнер саласында бірге жүрген әріптестерінің, дос-жарандарының естеліктері де берілген. Кітаптың алғы сөзін жазған ҚР композиторлар одағының мүшесі, ҚР еңбек сіңірген қайраткері Ермұрат ҮСЕНОВ»,- деп таныстырып өтті.

Жұмағали Сүйлейменұлы: жазушы Сәбит ДОСАНОВ, ақын Серік ТҰРҒЫНБЕКОВ, Сәкен ИМАНАСОВ, Жұма - назар СОМЖҮРЕК , Әбжан ӘБІЛТАЕВ, Жазира АХМЕТОВА, Ғафу ҚАЙЫРБЕКОВ, Айбек ҚУАНЫШБЕК және Бәтима ҚОСЫЛБАЕВА сынды ақын апаларымыздың өлеңдеріне 25 ән жазған. Онымен қоса 3 күйі бар. «Әніңді сенің, сағынды елің, жан – аға!» аталған рухани шара барысында өңір өнерпаздары Жұмағали ӨМІРБЕКТІҢ әндері мен күйлерін орындап, көз – көрген, замандас – сыйлас ағайындары марқұммен бірге өткізген жарқын сәттерден естеліктер айтты. Еске алу кешінің соңында шағын ас беріліп, марқұмның аруағына құран бағыштадлы.